

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
03.06.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 03.06.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, енді біздің депутаттардың бастамасымен әзірленген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Оспанов Берік Серікұлына беріледі.

ОСПАНОВ Б.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірледі және ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін күзетуге және қорғауға бағытталған.

Бүгінгі күні елдің экономикалық даму қарқынының өсуі және табиғи ресурстарды пайдалануды күшейту жағдайында биологиялық әртүрлілік элементі ретінде бірегей табиғи ресурстарды сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр.

Осы жағдай Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген, онда табиғи ресурстардың сарқылуы және біздің табиғи байлықтарға деген көзқарасымызды қайта пайымдаудың қажеттілігі сияқты сын-қатерлер атап өтілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында туризмді әсіресе экономиканың маңызды саласы ретінде эко- және этнотуризмді дамыту туралы міндет қойған.

Қазіргі уақытта қорықтар, табиғи резерваттар, ұлттық парктер, ботаникалық бақтар, өңірлік парктер, табиғат ескерткіштері, қаумалдар мен қорық аймақтары жататын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы

алаңы 26,2 миллион гектар немесе ел аумағының 9,6 пайызын құрайды. Біздің ортақ міндетіміз – оларды сақтап қалу және көбейту.

Қаралып отырған заң жобасы дәл осыған бағытталған, оның негізгі идеясы туризм объектілерін және ерекше стратегиялық маңызы бар құрылыстарды салу және олардың жұмыс істеуі үшін бұрын шығарылған және мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына қайтару болып табылады.

Мәселен, іс жүзінде мұндай жағдайлар бар. Бұл «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің және Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жерлері.

Ауыстырылған жерлердің игерілмеуіне және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кірмеуіне байланысты, олар тиісті түрде қорғалмайды, соның салдарынан өзінің бірегейлігі және құндылығын жоғалтып жатыр.

Сонымен қатар осы аумақтарда мекендейтін орны болып табылатын өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне залал келтірілуі мүмкін.

Бұдан басқа депутаттар экологиялық туризмді дамыту аясында Табиғат қорғау мекемелері көрсететін қызметтердің тізбесін кеңейтуді ұсынды, өйткені қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай қызмет түрлері заң деңгейінде қарастырылады.

Жалпы, заң жобасын қабылдау қайтарылатын жер учаскелеріндегі табиғи кешендер мен табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, туризмді одан әрі дамыту түріндегі оң әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқтыратынын атап өткім келеді.

Осыған байланысты депутаттардың бастамасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлына беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен осы қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Құрметті Берік Серікұлы! Заң жобасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің құрамына бұрын оның құрамына шығарылған жерді қайтару көзделеді. Шын мәнінде, бұл ерекше қорғалатын табиғи аумақты кеңейту болып табылады.

Сонымен бірге қолданыстағы заңнамаға сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту кезінде бұл жердің бұрын оның құрамында болғанына-болмағанына қарамастан, жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу қажет. Бұл өте шығынды рәсім болады, шамамен ондаған миллион теңгені құрайды.

Айтыңызшы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамынан бұрын шығарылған босалқы жерді қайтару кезінде жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге қаржы қаражатын бөлу талап етіле ме?

ОСПАНОВ Б.С. Сұрағыңызға рақмет.

Өзіңіз айтқандай, қазіргі таңда қолданыстағы заңға сәйкес бұл жұмыстардың бәрі атқарылады, яғни негіздемелері дайындалады, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі, оған тиісті мекемелер жұмыс жасайды және мемлекеттік бюджеттен біраз қаражат жұмсалады.

Кезінде осы аймақтар табиғи парктің құрамында болғанда бұл жұмыстар атқарылған болатын, яғни оған бір рет қаражат жұмсалған. Ендігі кезекте осы жұмыстарға қайтадан қаражат жұмсамау үшін ол негізделген, сондықтан осы өзгерістер мәселені толық шешуге мүмкіндік береді, яғни қайтарылып жатқан жерлер осы процестен шығарылатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Клименко Иван Ивановичқа беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

Согласно информации вашего министерства, 370 гектаров земель государственного национального природного парка «Бурабай» были выделены в 2012 году для нужд специальной экономической зоны «Бурабай». В 2014 году для строительства горнолыжного курорта «Кок-Жайляу» переведено 1002 гектара земель Иле-Алатауского государственного национального природного парка. За это время там построено, как нам известно, здание подстанции.

В этой связи ответьте, пожалуйста:

1. Все ли эти земли подлежат возврату в состав земель особо охраняемых природных территорий?

2. Какова дальнейшая судьба вышеуказанного строения после передачи земель в состав особо охраняемых природных территорий? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр Нысанбаев Ерлан Нуралиевич.

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Спасибо за вопросы.

Как вы помните, в июне 2012 года мы перевели 370 гектаров земли под развитие Щучинско-Боровской курортной зоны. На сегодняшний день освоено 260 гектаров, а 110 гектаров мы планируем вернуть в состав особо охраняемых природных территорий.

По «Кок-Жайляу». Мы передавали земли под строительство горнолыжного комплекса. Сегодня принято решение об отказе от этого проекта. Городской акимат согласен вернуть эти земли. В связи с чем мы сегодня как раз и предусматриваем в данном законопроекте возможность возврата земель в упрощенном порядке, то есть без лишних затрат ввиду того, что границы этих парков не меняются в связи с возвратом и это те земли, на которые ранее были получены все необходимые согласования.

Земли, обратно вернувшиеся в ОПТ, также будут охраняться, будут проводиться все лесохозяйственные мероприятия, чтобы в дальнейшем

предусмотреть исключение нагрузок от деятельности человека и сохранить эти локальные участки для наших потомков.

ТӨРАҒА. Вторая часть вопроса по подстанции. Какова судьба вышеуказанного строения после передачи данных земель в состав особо охраняемых природных территорий? Этим законопроектом дается понятие особо охраняемых природных территорий, на которых не будет производиться ни промышленного, ни гражданского строительства. Что будет с этой подстанцией? Пожалуйста.

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич, прежде чем осуществить возврат земель, будет организована комиссия, которая примет решение по всем имеющимся там постройкам. Соответственно, решение будет принято и по этой подстанции. Я больше чем уверен, что данная подстанция будет демонтирована и передана городу, потому что она предназначалась для использования на тех объектах, которые должны были быть построены в рамках проекта горнолыжного комплекса. Данная подстанция абсолютно не нужна на территории национального парка.

ТӨРАҒА. Вот передали всего лишь на короткий промежуток времени и как просто неумно и вообще не по-хозяйски распределились! Первым делом подстанцию построили, а теперь Вы рассказываете, что это как будто карточный домик – собрали и разобрали. Большая денежная потеря. Это все же из бюджетных средств. Демонтаж тоже стоит денег. Так же?

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Все правильно.

ТӨРАҒА. Такие подстанции, если я не ошибаюсь, – это объекты первой категории сложности. Хорошо, ладно.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Берік Серікұлы! Қолданыстағы заңнамаға сәйкес табиғат қорғау ұйымдары көрсете алатын қызметтердің тізбесіне туристік сокпақтарды, тамашалау алаңдарын, көлікке арналған тұрақтарды, кемпингтерді, шатырлы лагерлерді немесе оларды орналастыруға арналған орындарды, жолсеріктердің, экскурсия ұйымдастырушылардың, гидтердің қызметтерін ұсыну және басқалар кіреді.

Қаралып отырған заң жобасында бұл тізбе атқа мініп серуендеу сияқты жаңа қызмет түрімен толықтырылады.

Жауап беріңізші, осы норманы енгізудің себебі қандай? Аталған қызмет түрінен алынатын кіріс қайда түседі? Және алдағы уақытта ол қалай пайдаланылатын болады? Аталған ұйымдар басқа жануар түрлерін пайдаланған кезде болашақта тиісті өзгерістер енгізу талап етілмей ме? Рақмет.

ОСПАНОВ Б.С. Сұрағыңызға рақмет.

Өзіңіз айтқандай, қаралып жатқан заң жобасының 38-бабына сәйкес ұлттық парктердің барлық қызмет түрлері көрсетілген. Енді қазіргі таңда атқа мініп серуендеу қызметі сұранысқа тапшы және ол жерлерде ондай қызмет көрсетілмейді, енді заң аясында талап етіліп жатқан қызмет. Енді сол

қызметтер толық қарастырылғаннан кейін депутаттар осы норманы заң жобасына енгізіп отыр, яғни қабылданғаннан кейін заң аясында бұндай қызметтер көрсетілетін болады. Одан келетін қаражат есепшоттарына түседі, оны өздерінің дамуына пайдаланатын болады.

Енгізілетін норма жөнінде. Бұны да біздің әріптестеріміз қарастырды, яғни осы заң жобасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол жерде тек атқа мініп серуендеу ғана емес, жалпы, басқа да жануар түрлерін пайдалану мәселесі де қарастырылуда, яғни түйе және басқа да жануар түрлерін пайдалануға болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне арналады.

Қаралып отырған түзетулерді қабылдау нәтижесінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың алаңы ұлғаяды. Сонымен бірге осы аумақтарда жұмыс істеп жүрген инспекторлар штатына түсетін жүктеме де артады. Осыған байланысты табиғат қорғау мекемелері қызметкерлерінің штат санын ұлғайту талап етіле ме?

ТӨРАҒА. Ерлан Нұралыұлы.

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Оның көлемі ондай көп емес, қайтарылатын жер 100 мың гектар. Сондықтан біз бұл мәселені бар штаттың арасында функцияларды қайта бөлу арқылы шешеміз, ешқандай проблема болмайды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Балиева Зағипа Яхьяқызына беріледі.

БАЛИЕВА З.Я. Большое спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

В нашем государстве есть один единственный дендрарий, находящийся в Енбекшиказахском районе Алматинской области. Его судьба до сих пор вами не решена, хотя мы неоднократно поднимали вопрос, чтобы студенты, в частности, Казахского аграрного университета могли бы проходить там дуальное образование. На сегодня 300 гектаров дендрария просто отдано в хозяйственное управление, где, как мы Вам неоднократно говорили, сплошной беспорядок. Надо этим земли возвращать в особо охраняемые территории и передавать в управление Казахскому аграрному университету, чтобы студенты продолжали научные работы, входили в научный мир.

Ваш ответ, пожалуйста, и Ваш взгляд на этот вопрос. Можем ли мы ко второму чтению вернуться к этому вопросу? Спасибо.

ТӨРАҒА. Зағипа Яхьяновна, Вы сказали, что 300 гектаров?

БАЛИЕВА З.Я. Да.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Ерлан Нуралиевич.

НЫСАНБАЕВ Е.Н. Спасибо за вопросы.

Все 300 гектаров дендрария имеют статус особо охраняемых природных территорий. Как вы знаете, дендрарий является научным предприятием, которое занимается районированием, интродукцией новых пород и изучением состояния аборигенных видов пород в условиях изменения климата и других факторов.

На сегодня форма правления – классическая, как было и в советское время. Это самая оптимальная форма, то есть дендрарий находится в лоне государства. Сегодня есть новые веяния, когда объединяют, делают микс из учебного процесса и науки. Мы поддерживаем. Если поддерживают депутаты, мы не против, чтобы дендрарий сегодня активно использовали в учебных целях.

ТӨРАҒА. Хорошо. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Берік Серікұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі депутат Қоңыров Айқын Ойратұлына беріледі.

ҚОҢЫРОВ А.О. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.Қ. Ахметов, С.Ә. Қаныбеков, Р.У. Ким, А.О. Қоңыров, Н.Н. Қылышбаев және Б.С. Оспановтың заңнамалық бастамасы тәртібімен әзірленді.

Заң жобасымен өзгерістер мен толықтырулар екі заңнамалық актіге енгізіледі – Жер кодексі және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға.

Заң жобасының негізгі мақсаты бұрын туризм объектілерін және ерекше стратегиялық маңызы бар құрылыстарды салу және олардың жұмыс істеуі үшін шығарылған және мақсаты бойынша пайдаланылмаған босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне қайта ауыстыру тәртібін оңайлату болып табылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарлардың туындауына әкеп соқтырмайды және бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді, қайтарылған жер учаскелеріндегі табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің құқықтық негізін құруға және тұтастығын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәжілістің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытынды берді.

Жұмыс тобының қарауына 15-ке жуық ұсыныс келіп түсті, олар жұмыс тобының екі отырысында және уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Баяндалғанға байланысты Аграрлық мәселелер комитеті аталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айқын Ойратұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда басты экологиялық проблемалардың бірі табиғи ресурстарды қарқынды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда биологиялық әртүрлілік азаюда және төмендеуі орын алуда.

Осыған байланысты біздің назарымызға ұсынылған заң жобасы өте өзекті деп есептеймін. Оны қабылдау бірегей табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен объектілердің тұтастығын сақтауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ел аумағының 9,6 пайызын немесе 26,2 миллион гектарын ғана алып жатыр.

Бұл ретте оларға өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтауда, Қазақстан экономикасының перспективалық бағыттарының бірі ретінде экологиялық туризмді дамытуда басты рөл беріледі.

Пайдаланылмайтын босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына қайта ауыстыру арқылы табиғи-қорық қорларын қорғай отырып біз оларды қорғау, қалпына келтіру және одан әрі қорғау үшін құқықтық негіз жасаймыз.

Осыған байланысты мен әріптестеріміз бастамашылық жасаған заң жобасын қолдаймын және баршаңызды да қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Балиева Зағипа Яхьяқызына беріледі.

БАЛИЕВА З.Я. Большое спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

Я полностью поддерживаю данный законопроект. Действительно, пришло время урегулировать вопрос земель, которые находятся под особым контролем государства. И то, что мы возвращаем эти площади, – это очень правильно.

Ваш ответ меня очень устроил. Действительно, дендрарий – это 300 гектаров земли, которые просто так, свободно лежат, научная работа тихо-важно идет, даже вообще приостановлена, а там редкие сорта плодово-ягодных культур, допустим, яблони Сиверса. Студенты, будущие аграрии, должны все-таки получать реальное дуальное образование вместе со своими научными руководителями.

Я считаю, что это правильный государственный доход, потому что мы за дуальное образование. Я так думаю, что коллеги тоже поддержат.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 80, «жақтағандар» – 80. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мам Н. Шайындаев.*